



Автор: Төреш Алтынгүл Артықбайқызы

Пән: Дене шынықтыру

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Спорт ойындары арқылы командалық бірлесу әрекеттері

Тақырып: Командалық ойындағы көшбасшылық

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.2.1 көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді көрсету және қолдана білу
Сабақтың мақсаты:	- баскетбол ойыны кезінде көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей алады; - баскетбол ойыны кезінде командалық ойындағы көшбасшылық дағдылар көрсете алады және қолданады;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Командалық ойындардағы серіктестік туралы түсініктерін талқылай алады. Пәнге тән лексика мен терминология: • Қауіпсіздік, адал ойын • Ереже, жарыс, серіктестік • Рөлдер, көшбасшы, шабуылшы, қорғаушы • Қозғалыс дағдылары, физикалық қасиеттер • Серіктестік, проблемаларды шешу • Бақылау, бағалау, кері байланыс, талқылау • Тактика, техника, стратегия • Ережелерді бұзу • Жүгіру, доппен секіру • Допты беру, оны себетке лақтыру Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Талқылау үшін сұрақтар • Сенімділікті арттыру үшін жұппен жұмыс жасау кезінде әрекетті қалай өзгерту керек? • Бірлесіп жұмыс жасау кезінде көшбасшылық қабілетті қалай дамыту керек?
Бағалау критерийлері:	-қауіпсіздік ережесін біледі; - баскетбол ойыны кезінде көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей алады; - баскетбол ойыны кезінде командалық ойындағы көшбасшылық дағдылар қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	(Өмір бойы үздіксіз білім алу) Оқуға деген сүйіспеншілікті білуге құмарлық, шығамашылық пен оқылатын материалға сыни қарау, қарым-қатынас пен мінезді, денені және ақыл-ойды үздіксіз дамыту арқылы бойға сіңіру. Оқушылардың өз бетімен оқуға болысатын дағдылары мен қабілеттерін дамытуды қамтиды. (Ынтымақтастық) Жылы қарым-қатынасты орнату, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру мен құрылымдық ұстанымды дамыту, қарым-қатынас орнату кезіндегі сыни ойлау қабілеті. (Академиялық шындық) Басқа адамдардың ойлары мен идеяларын құрметтеу, академиялық шындықтың ұстанымдарын сақтау, плагиатқа және ақпараттың көзін көрсетпеуге төзбеушілік.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ғаламтор ресурсына сілтеме: Баскетбол ойынының қауіпсіздік ережесі: https://infourok.ru/prezentaciya-po-fizicheskoy-kulture-na-temu-tehnika-bezopasnosti-na-urokah-sportivnih-igr-basketbol-411942.html Баскетбол ойын сілтеме https://www.youtube.com/watch?v=azTjwdN--oA Допты алып жүру дриблинг жасау https://www.youtube.com/watch?v=qzJzwnlAfZc
Пәнаралық байланыс:	Биология пәнімен байланыс.
Бастапқы білім:	Оқушылар спорттық ойындар арқылы қозғалыс дағдыларын, баскетбол ойындарының элементтерін қолдану арқылы командалық ойындардағы көшбасшылық қабілетін, логикалық ойлау жүйесін, ептілігін дамытады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (7-8 минут)	Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі. Мұғалім оқушыларды сабақ тақырыбымен, күтілетін нәтижелермен және сабақ мақсаттарымен таныстырады. Мұғалім Сіздер үшін денсаулық ұғымын білдіреді деп сұрақ қояды. Күтілетін нәтижелер: - қауіпсіздік ережесін біледі. - оқушылар спорттық ойындар арқылы қозғалыс дағдыларын дамытады. - баскетбол ойындарының элементтерін қолдана алады. - командалық ойындардағы көшбасшылық қабілетін дамытады. Мұғалім сабақтағы қауіпсіздік техникасын еске салады. «Күн мен түн» ойыны. Денені ширатып шынықтырғаннан кейін мұғалім оқушыларға «смайликтер» стратегиясы бойынша жаттығудан кейінгі көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Мұғалім сұрақ қояды: - сіз таңдаған көңіл-күйлеріңізді қалай түсіндіруші едіңіз?	
Сабақтың ортасы (12 минут)	(С, Т, ҚБ) «Бестіктер шабуыл жасайды». Баскетбол алаңында үш топ ойнайды. Екінші мен үшінші бестіктер аймақтық қорғанысты ұйымдастырады, әпқайсысы өз қалқаны артында. Доп бірінші бестіктің тобында болады. Ол топ еркінше екінші топ алдында орналасады. ойын мазмұны. Мұғалім дабылымен 1-ші бестік ойыншылары допты кәрзеңкеге доп салуға тырысып, 2-ші бестік қалқанына шабуыл жасайды. 2-ші топ ойыншылары допқа ие болған кезде, олар тоқтамай, 3-шібестік қалқанына шабуыл жасайды. Допты жоғалтқан 1-ші бестік 2-ші бестіктің орнына аймақтық қорғанысты ұйымдастырады. Допқа ие болған 3-ші бестік 1-ші бестікке шабуылға шығады. Гол салған команда бір ұпайға ие болып, аймақтық қорғанысты ұйымдастыруға бет алады, ал жеңілген топ шабуылға шығады. Ойын 10-15 мин жалғасады. Ең көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады. Оқушылар бірлескен жұмыстағы өздерінің жеке дағдыларын талқылап, бағалайды. Дескриптор -қауіпсіздік ережесін біледі. -ойында пас бере алады -допты дұрыс алып жүре алады. -шабуыл әрекетін орындайды.	
Сабақтың соңы (15 минут)	Саралау жүзеге асырылады. а) физиологиялық сипаттамаларға: - ұлдар жоғары жүктеме жасайды; - қыздар аз жұмыс істейді; б) физикалық қабілеттерге: - оқушылар өздерінің моторикасын кеңейту үшін күрделі жаттығулар жасай алады; - Неғұрлым қабілетті оқушылар кем мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қолдау көрсетеді. Бағалау: тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға дескриптор арқылы өзара бағалау жүргізуді ұсынады. Мұғалім сұрақ қояды: Сұраңыз: қауіпсіздік ережелерін қаншалықты сақтадыңдар? Команда қандай тактикаларды қолдана алады? ғанын сұраңыз? Команданың ойынын жақсарту үшін нені істеуге болады? Мұғалім, оқушыларды дұрыс жолға бағыттайды және қандай да бір қиыншылықтар мен тіл проблемалары туралы ескертулер жазып алады (спорт терминологиясы және т.б.) Мұғалім кейде оқушыларға ынталандырушы сұрақтар қойып, олардың қаншалықты тапсырманы орындаумен айналысып отырғанын тексереді. Қажетті жағдайда мұғалім келіспеушілік жағдайында мәселені дұрыс шешуге талпынады.	
Рефлексия (5 минут)	Рефлексия: Оқушылар рефлексиялық карточка толтырады. Зейінді және тыныс алуды қалпына келтіру жаттығулары. Оқушылар мұғалімнің көрсеткенін және айтқанын істейді (жалпы дамытушы жаттығулар), кателескен оқушы орнына отырады. Ергежейлілер – алыптар (Ергежейлілер – отырды, алыптар – тұрды). Мұғалім үй жұмысын береді: - пән терминологиясын жаттау; - таңғы жаттығу, кеудені жерден көтеру, пресс, тартылу. Оқушылар тамырдың ырғағын санайды.	